

Қымбатты ата-аналар!!!

Сіздердің балаларыңыздың алдында мемлекеттік емтихан, ҰБТ тапсыру сынағы тұр. Мен білемін, балаларыңыз жақсы тапсырса екен деп қатты уайымдап қана қоймай жақсы баға, жоғары ұпай алғанын қалайсыздар. Бірақ, мен де, бір нәрсені естеріңізден шығармауыңызды сұраймын. Мемлекеттік емтихан, ҰБТ тапсыратын оқушылардың ішінде математиканы қажет етпейтін – әртіс бар, орыс әдебиетін білуді талап етпейтін сауда-саттықпен айналысатын – сатушы бар, химия сабағынан алған багалары маңызды емес – музыкант бар, физика пәніне қарағанда дене шынықтыру сабағынан үлгерімі маңыздырақ болатын – спортышы бар.

Егер де, балаңыз ең жоғарғы ұпайға ие болса, бұл – өте керемет! Ал егер төмен болса – өкінішті, бірақ ұлыңыздың немесе қызыңыздың өзіне деген сенімі мен абыройына нұсқан келтірмеңіздер. Оған айтыңыз: «Ештеңе етпейді, бұл жай ғана емтихан...» Себебі, балаларыңызды Өмір атты ағымда бұдан гөрі қиынырақ нәрселер күтуде. Қандай баға болмасын бәрібір жақсы көресіз және де сынның астына алмайсыз. Өтініп сұраймын, менің қалауымды орындасаңыздар, сіз балаңыздың барша әлемді өзіне қарата алатынына куә боласыз. Бір емтихан немесе жаман баға оның бойындағы арманы мен талантын жоққа шығармайды. Және де инженерлер мен дәрігерлер шынайы бақытты бола алады деп ойлаңыздар.

Құрметті ата-ана! Балаңыздың күнделіктегі бағасынан гөрі, бойындағы бәсекеге төтеп беретін жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл аударыңыз! Баға мектеп қабырғасында қалады, ал бойындағы адамгершілік сапасы өмір бойы қажет болады.

*Ата-анаға көз қуаныш,
Алдына алған еркесі.
Көңіліне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой – өлкесі,*

- деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы – перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік, біздер олардың ең басты үлгі болар бейнесі екендігімізді ұмытпайық!

Ізгі ниетпен: мектеп психологы

